

Бекітемін: 
меңгеруші Ш.Т.Жусупова

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы бойынша қамқоршылық кеңес
жоспары 2024-2025 оқу жылы

№	Іс – шаралар	Мерзімі	Жауапты
1.	Балабақшадағы «Қамқоршылық кеңес» құру	Қыркүйек	Басмагамбетова А.С.
2.	Кеңестің құрамының мүшелерінің атқаратын қызметтерін белгілеу	Қыркүйек	Басмагамбетова А.С.
3.	Қамқорлықтағы балаларды санаттары бойынша топтау	Қыркүйек	Басмагамбетова А.С.
4.	Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау, зерттеу	Қазан	Топ тәрбиешілері Кеңес мүшелері
5.	Жетім, жартылай жетім және отбасылық жағдайы төмен, аз қамтылған жанұяның балаларының үй-тұрмысымен танысу, акт жасау	Жыл сайын	Топ тәрбиешілері Кеңес мүшелері
6.	Қамқорлық кеңесінің кезекті отырыстарын өткізу	Қыркүйек, қараша, қаңтар, сәуір	Басмагамбетова А.С.
7.	Қамқорлық акциясын өткізу	Қыркүйек Қаңтар	Балабақша ұжымы Кеңес мүшелері
8.	Тәрбиеленушілердің балабақшаға келуін бақылау	Жыл сайын	Медбике Ниязова Д.Ж.
9.	Белсенді ата-аналар мен топ тәрбиешілерінің кеңесін өткізу	Қараша	Басмагамбетова А.С.
10.	Қамқоршылар үшін ашық есік шарасын ұйымдастыру	Қазан	Басмагамбетова А.С.
11.	Қамқоршылардың тұрмыс жағдайларын зерттеу және бала құқықтар орындалуын тексеру мақсатында рейд ұйымдастыру	Қаңтар	Басмагамбетова А.С.
12.	Жаз мезгіліндегі балабақшадағы балаларға арналған қауіпсіз орта құру. Балалардың денсаулығын нығайту шаралары. Балалардың дұрыс тамақтануын насихаттау.	Мамыр Маусым	Басмагамбетова А.С.

**№45 «Алтын бала» МКҚК қамқоршылық кеңесі отырысының №1
хаттамасы**

Өткізілген күні: 24.05.2024 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Уралбаева Л.Ш., Урбисинов Г.З., Жартыбаева Г.М., Тажгулова І.Е., Қайрамбеков Т.Ш., Жайханова Ж.М., Прыткова Ю.В., Батырғарина Ж.Б.

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, хатшысын сайлау.
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Ш.Т.Жусупова балабақшада ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті. Балабақшадағы құрылып отырған Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне әрбір параллель топтан бір ата-ана барлығы бес адам келісім беріп отырғанын айтты. Жоғарыда атап өткен үлгілік қағидаға сәйкес Қамқоршылық кеңестің өкілеттігімен балабақша әдіскері А.С.Басмагамбетова таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан төраға сайлану қажеттігі айтылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп, Қамқоршылық кеңесінің төрағалығына Урбисинов Габит Зинеловичты ұсынды. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып балабақша әдіскері А.Басмагамбетова тағайындалды.

Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Меңгеруші Ш.Жусупова қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. 2024 жылдың маусым айынан 2025 жылдың мамыр айына дейін бес отырыс өткізіледі деп шешті. Келесі отырыста балабақшадағы

Мемлекеттік қызмет көрсетуді, 2024-2025 оқу жылына арналған балабақшаның жұмыс жоспарымен, қойылатын мақсат, міндеттерімен танысу мәселелері қаралатын болса, одан кейінгі отырыстарда тамақтануды ұйымдастыруды бақылау, балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу, бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысу, түзету-дамыту жұмыстарының барысы, жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен танысу, жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс шараларды бірлесіп өткізуді жоспарлау, қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп беру сияқты мәселелер қарастырылатын болды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің ұсынысы бойынша төраға болып

Урбисинов Габит Зинелович сайлансын.

2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Хатшы:



Г.З.Урбисинов

А.С.Басмагамбетова





Қамқоршылық кеңес кезекті отырысының күн тәртібіндегі мәселелері:

Өтетін күні: 28.11.2024 ж. сағат 15.30

Өтетін орны: балабақшаның музыка залы

1. Бөбекжай-балабақшада қосымша үйірме, секциялар ұйымдастыру.
Меңгеруші Жусупова Ш.Т.
2. Әлеуметтік көмекті қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсету жағдайы, тегін тамақтануға ұсынылған тәрбиеленушілер тізімімен танысу.
Меңгеруші Жусупова Ш.Т.
3. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау, 10 күндік ас мәзірін талқылап, бекіту.
Меңгеруші Жусупова Ш.Т.
4. Балабақша ішілік және басқа да іс-шараларды ұйымдастыруға ат салысу. Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру жұмыстары.
Меңгеруші Жусупова Ш.Т.
5. Ата-аналардың қатысуымен өткен балабақшалық іс-шаралардың есебі.
Әдіскер Басмағамбетова А.С.
6. Кабинеттер, топ бөлмелерін, балабақша аймағын абаттандыру жұмыстарына арналған қайырымдылық акциясын ұйымдастыруға ұсыныс.
Меңгеруші Жусупова Ш.Т.
7. Әр түрлі мәселелер

№45 «Алтын бала» МКҚК қамқоршылық кеңесі отырысының №2
хаттамасы

Өткізілген күні: 28.11.2024 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, балабақша медбикесі, қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Уралбаева Л.Ш., Урбисинов Г.З., Жартыбаева Г.М., Тажгулова І.Е., Жайханова Ж.М., Прыткова Ю.В., Батырғарина Ж.Б.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Ата-аналардың қатысуымен өткен балабақшалық іс-шаралардың есебі.
2. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау, 10 күндік ас мәзірін талқылап, бекіту.
3. Бөбекжай-балабақшада қосымша үйірме, секциялар ұйымдастыру.
4. Балабақша ішілік және басқа да іс-шараларды ұйымдастыруға ат салысу. Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру жұмыстары.
5. Кабинеттер, топ бөлмелерін, балабақша аймағын абаттандыру жұмыстарына арналған қайырымдылық акциясын ұйымдастыруға ұсыныс.
6. Әлеуметтік көмекті қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсету жағдайы, тегін тамақтануға ұсынылған тәрбиеленушілер тізімімен танысу.
7. Әр түрлі мәселелер

«Ата-аналардың қатысуымен өткен балабақшалық іс-шаралардың есебі» тақырыбында әдіскер Басмагамбетова А.С. презентация көрсетті. Ата-аналардың қатысуымен ұйымдастырылған іс-шаралардың есебі тыңдалды. Іс-шаралар бойынша жалпы ақпарат беріп, әрбір іс-шараның мақсаты мен нәтижелері жөнінде сөз қозғады. Ата-аналар тарапынан ұсыныстар мен пікірлер алынып, оларды іске асыру жолдары талқыланды. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Тажгулова І.Е. осы орайда әкелермен мазмұнды тақырыпта челлендж түсіруге болады деген ұсыныс тастады.

«Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау, 10 күндік ас мәзірін талқылап, бекіту» тақырыбында меңгеруші Жусупова Ш.Т., медбике, дәмбике Ниязова Д.Ж. сөз сөйледі. Балабақшадағы балалардың тамақтану сапасын бақылау бойынша ұсыныстар мен пікірлер тыңдалды. Меңгеруші Жусупова Ш.Т. 10 күндік ас мәзірін ұсынды, оған қатысты талқылаулар жүргізіліп, мәзір Қамқоршылық кеңес мүшелерімен бекітілді. Дәмбике Ниязова Д.Ж. балалардың тамақтану сапасы мен мәзірдің әртүрлілігі туралы ақпарат берді. Кеңес төрағасы 10-күндік ас мәзірімен толық танысып кеңестің мүшелерімен көк-өніс, дәнді дақылдардың балаларға арналған күнделікті мөлшері жөнінде ақылдасты. Аталған ас мәзірін барлық кеңес мүшелері бірауыздан қолдады.

«Бөбекжай-балабақшада қосымша үйірмелер мен секциялар ұйымдастыру» тақырыбында Меңгеруші Жусупова Ш.Т. бала тәрбиесіне қосымша ықпал ететін үйірмелер мен секциялар ұйымдастыру мәселесі туралы айтты. Әр түрлі үйірмелердің тиімділігі мен қажеттілігі талқыланды. Меңгеруші Жусупова Ш.Т. балабақшада қосымша үйірмелер мен секциялардың жұмысын жандандыруды ұсынды. Кеңес мүшелері Л.Д.Уралбаева мен І.Е.Тажгулова әр үйірменің баланың шығармашылығын

дамытуға зор ықпал ететінін әрі театр үйірмесін ұйымдастырып өткізуге қаражат қажет болатынын айтты.

«Балабақша ішілік және басқа да іс-шараларды ұйымдастыруға ат салысу. Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру жұмыстары» тақырыбында меңгеруші Жусупова Ш.Т. сөз сөйледі.

Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру жұмыстары талқыланды. Меңгеруші мерекелік іс-шараның жоспарын ұсынды және оны ұйымдастыруға қажетті шаралар белгіленді. Кеңес мүшелері тарапынан ұсыныстар мен көмек көрсету мәселелері қаралды.

«Кабинеттер, топ бөлмелерін, балабақша аймағын абаттандыру жұмыстарына арналған қайырымдылық акциясын ұйымдастыру» туралы Меңгеруші Жусупова Ш.Т. түсіндірді.

Балабақша ішіндегі кабинеттер мен бөлмелерді абаттандыру, сондай-ақ балабақша аймағын көркейту мақсатында қайырымдылық акциясын ұйымдастыру мәселесі талқыланды. Кеңес мүшесі Л.Д.Уралбаева қайырымдылық акциясын жасағаннан гөрі ата-аналар арасында жиналыс жасап, сол жиналысқа кеңес мүшелігінен бір адам қатысып балабақшаға, соның ішінде қосымша ақылы қызмет кабинеттерін безендіруге демеушілік көмек жасаған дұрыс деп ұсынды, оның жүзеге асырылуына ұсыныстар берді.

«Әлеуметтік көмекті қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсету жағдайы, тегін тамақтануға ұсынылған тәрбиеленушілер тізімімен танысу» туралы меңгеруші таныстырды. Қазіргі кезде атаулы әлеуметтік көмек алатын тегін тамақтанып жүрген 11 баладан бөлек аз қамтылған отбасынан тағы 2 бала тегін тамақтану тізіміне кіргені айтылды. Олар: Туреғали Аянат, Мерғали Бекасыл. 2025 жылдың I кварталы бойынша жоғарыда аталған 2 баланың үй-жағдайын тексеруге кеңес мүшелерінен бару керектігі айтылды.

Әлеуметтік көмекті қажет ететін тәрбиеленушілердің жағдайы қаралды. Тегін тамақтануға ұсынылған тәрбиеленушілердің тізімімен танысқаннан кейін, аталған мәселеге қатысты қажетті шаралар мен көмек көрсету жолдары талқыланды.

Отырыста басқа да әр түрлі мәселелер қаралып, олар бойынша ұсыныстар мен пікірлер айтылды.

Қорытынды:

Қамқоршылық кеңесінің отырысы нәтижесінде барлық мәселелер бойынша қажетті шешімдер қабылданып, алдағы жұмыстарды ұйымдастыруға қатысты нақты ұсыныстар мен тапсырмалар берілді. Жоғарыда аталған мәселелер бойынша одан әрі жұмыс жалғасатын болады.


Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Ата-аналардың қатысуымен өткен балабақшалық іс-шаралардың есебі тыңдалды.
2. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау тыңдалып, 10 күндік ас мәзірі талқыланып бекітілді.

3. Бөбекжай-балабақшадағы қосымша үйірме, секциялар жұмысы таныстырылды.
4. Балабақшаішілік және басқа да іс-шаралардың ұйымдастырылуы, жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру жұмыстары талқыланды.
5. Кабинеттер, топ бөлмелерін, балабақша аймағын абаттандыру жұмыстарына демеушілік жұмыстары ұсынылды.
6. Әлеуметтік көмекті қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсету жағдайы, тегін тамақтануға ұсынылған тәрбиеленушілер тізімі қабылданды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Хатшы:



Г.З.Урбисинов

А.С.Басмагамбетова

**№45 «Алтын бала» МКҚК қамқоршылық кеңесі отырысы
хаттамасы №3**

Ақтөбе қаласы

16.05.2025 ж.

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, балабақша әдіскері, балабақша медбикесі, қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Уралбаева Л.Ш., Урбисинов Г.З., Жартыбаева Г.М., Тажгулова І.Е., Жайханова Ж.М., Прыткова Ю.В., Батырғарина Ж.Б.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Ата-аналардың қатысуымен өткен балабақшалық іс-шаралардың есебі.
2. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау, 10 күндік ас мәзірін талқылап, бекіту.
3. Бөбекжай-балабақшада қосымша үйірме, секциялар ұйымдастыру.
4. Балабақша ішілік және басқа да іс-шараларды ұйымдастыруға ат салысу. Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру жұмыстары.
5. Кабинеттер, топ бөлмелерін, балабақша аймағын абаттандыру жұмыстарына арналған қайырымдылық акциясын ұйымдастыруға ұсыныс.
6. Әлеуметтік көмекті қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсету жағдайы, тегін тамақтануға ұсынылған тәрбиеленушілер тізімімен танысу.
7. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. «Ата-аналардың қатысуымен өткен балабақшалық іс-шаралардың есебі» тақырыбында әдіскер Басмагамбетова А.С. презентация көрсетті. Ата-аналардың қатысуымен ұйымдастырылған іс-шаралардың есебі тыңдалды. Іс-шаралар бойынша жалпы ақпарат беріп, әрбір іс-шараның мақсаты мен нәтижелері жөнінде сөз қозғады. Ата-аналар тарапынан ұсыныстар мен пікірлер алынып, оларды іске асыру жолдары талқыланды. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Тажгулова І.Е. осы орайда әкелермен мазмұнды тақырыпта челлендж түсіруге болады деген ұсыныс тастады.

2. «Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау, 10 күндік ас мәзірін талқылап, бекіту» тақырыбында меңгеруші Жусупова Ш.Т., медбике, дәмбике Ниязова Д.Ж. сөз сөйледі. Балабақшадағы балалардың тамақтану сапасын бақылау бойынша ұсыныстар мен пікірлер тыңдалды. Меңгеруші Жусупова Ш.Т. 10 күндік ас мәзірін ұсынды, оған қатысты талқылаулар жүргізіліп, мәзір Қамқоршылық кеңес мүшелерімен бекітілді. Дәмбике Ниязова Д.Ж. балалардың тамақтану сапасы мен мәзірдің әртүрлілігі туралы ақпарат берді. Кеңес төрағасы 10-күндік ас мәзірімен толық танысып кеңестің мүшелерімен көк-өніс, дәнді дақылдардың балаларға арналған

күнделікті мөлшері жөнінде ақылдасты. Аталған ас мәзірін барлық кеңес мүшелері бірауыздан қолдады.

3. «Бөбекжай-балабақшада қосымша үйірмелер мен секциялар ұйымдастыру» тақырыбында меңгеруші Жусупова Ш.Т. бала тәрбиесіне қосымша ықпал ететін үйірмелер мен секциялар ұйымдастыру мәселесі туралы айтты. Әр түрлі үйірмелердің тиімділігі мен қажеттілігі талқыланды. Меңгеруші Жусупова Ш.Т. балабақшада қосымша үйірмелер мен секциялардың жұмысын жандандыруды ұсынды. Кеңес мүшелері Л.Д.Уралбаева мен І.Е.Тажгулова әр үйірменің баланың шығармашылығын дамытуға зор ықпал ететінін әрі театр үйірмесін ұйымдастырып өткізуге қаражат қажет болатынын айтты. Соның ішінде балалардың денсаулығын нығайтып, шығармашылық жағынан дамытатын қосымша үйірмелер ашу керектігі айтылды. «Бөбектерге арналған хореография», «Түрлі-түсті бояулар», «Познайка», «Сықырлы театр» қосымша үйірмелерді жалғастырылып, «Домбыра», «Балуан бала», «Болашақ инженерлер», «Говорю красиво», ағылшын тіліне бағытталған бағдарламаларын ашу мәселелері талқыланды.

4. «Балабақша ішілік және басқа да іс-шараларды ұйымдастыруға ат салысу. Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру жұмыстары» тақырыбында меңгеруші Жусупова Ш.Т. сөз сөйледі. Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру жұмыстары талқыланды. Меңгеруші мерекелік іс-шараның жоспарын ұсынды және оны ұйымдастыруға қажетті шаралар белгіленді. Кеңес мүшелері тарапынан ұсыныстар мен көмек көрсету мәселелері қаралды.

5. «Кабинеттер, топ бөлмелерін, балабақша аймағын абаттандыру жұмыстарына арналған қайырымдылық акциясын ұйымдастыру» туралы Меңгеруші Жусупова Ш.Т. түсіндірді.

6. Балабақша ішіндегі кабинеттер мен бөлмелерді абаттандыру, сондай-ақ балабақша аймағын көркейту мақсатында қайырымдылық акциясын ұйымдастыру мәселесі талқыланды. Кеңес мүшесі Л.Д.Уралбаева қайырымдылық акциясын жасағаннан гөрі ата-аналар арасында жиналыс жасап, сол жиналысқа кеңес мүшелігінен бір адам қатысып балабақшаға, соның ішінде қосымша ақылы қызмет кабинеттерін безендіруге демеушілік көмек жасаған дұрыс деп ұсынды, оның жүзеге асырылуына ұсыныстар берді.

7. «Әлеуметтік көмекті қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсету жағдайы, тегін тамақтануға ұсынылған тәрбиеленушілер тізімімен танысу» туралы меңгеруші таныстырды. Қазіргі кезде атаулы әлеуметтік көмек алатын тегін тамақтанып жүрген 11 баладан бөлек аз қамтылған отбасынан тағы 2 бала тегін тамақтану тізіміне кіргені айтылды. Олар: Турғали Аянат, Мерғали Бекасыл. 2025 жылдың I кварталы бойынша жоғарыда аталған 2 баланың үй-жағдайын тексеруге кеңес мүшелерінен бару керектігі айтылды.

8. 0Әлеуметтік көмекті қажет ететін тәрбиеленушілердің жағдайы қаралды. Тегін тамақтануға ұсынылған тәрбиеленушілердің тізімімен танысқаннан кейін, аталған мәселеге қатысты қажетті шаралар мен көмек көрсету жолдары талқыланды.

Отырыста басқа да әр түрлі мәселелер қаралып, олар бойынша ұсыныстар мен пікірлер айтылды.

Қорытынды:

Қамқоршылық кеңесінің отырысы нәтижесінде барлық мәселелер бойынша қажетті шешімдер қабылданып, алдағы жұмыстарды ұйымдастыруға қатысты нақты ұсыныстар мен тапсырмалар берілді. Жоғарыда аталған мәселелер бойынша одан әрі жұмыс жалғасатын болады.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:


1. Ата-аналардың қатысуымен өткен балабақшалық іс-шаралардың есебі тыңдалды.
2. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау тыңдалып, 10 күндік ас мәзірі талқыланып бекітілді.
3. Бөбекжай-балабақшадағы қосымша үйірме, секциялар жұмысы таныстырылды. «Бөбектерге арналған хореография», «Түрлі-түсті бояулар», «Познайка», «Сиқырлы театр» қосымша үйірмелерді жалғастырылып, «Домбыра», «Балуан бала», «Болашақ инженерлер», «Говорю красиво», ағылшын тіліне бағытталған бағдарламаларын ашу мәселелері талқыланды.
4. Балабақшаішілік және басқа да іс-шаралардың ұйымдастырылуы, жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру жұмыстары талқыланды.
5. Кабинеттер, топ бөлмелерін, балабақша аймағын абаттандыру жұмыстарына демеушілік жұмыстары ұсынылды.
6. Әлеуметтік көмекті қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсету жағдайы, тегін тамақтануға ұсынылған тәрбиеленушілер тізімі қабылданды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Г.З.Урбисиннов

Хатшы:



А.С.Басмагамбетова

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы МКҚК қамқоршылық кеңесі отырысының №4 хаттамасы

Өткізілген күні: 03.06.2025 жыл

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, медбике, психолог, қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Уралбаева Л.Ш., Урбисинов Г.З., Жартыбаева Г.М., Тажгулова І.Е., Қайрамбеков Т.Ш., Жайханова Ж.М., Прыткова Ю.В., Батырғарина Ж.Б.

Күн тәртібі бойынша қаралған мәселелер:

1. Тәрбиеленушілердің балабақшаға келу жағдайы

Ақпарат берді: меңгеруші Ш.Т. Жусупова.

Балалардың балабақшаға келу көрсеткіштері, себепсіз қалу жағдайлары, маусымдық сырқаттанушылық және ата-аналармен жүргізілген жұмыстар туралы мәлімет ұсынылды.

Ұсыныс білдірді: әдіскер А.С. Басмагамбетова – балалардың тұрақты келуін қамтамасыз етудің маңыздылығы жөнінде.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

- Балалардың келуін күнделікті бақылау;
- Себепсіз қалу фактілері бойынша ата-аналармен жеке жұмыс жүргізу;
- Келу көрсеткіштеріне ай сайын талдау жасау.

2. Балалардың денсаулығын нығайту шаралары

Ақпарат берді: медбике Д. Ниязова.

Денсаулықты нығайту мақсатында өткізілетін таңертеңгілік жаттығулар, серуендер, қимылды ойындар және санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы туралы баяндалды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

- Денсаулық сақтау шараларын жүйелі түрде жалғастыру;
- Шынықтыру жұмыстарының тиімділігін арттыру;
- Ата-аналарға денсаулық тақырыбында кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру.

3. Балалардың дұрыс тамақтануын насихаттау

Ақпарат берді: дәмбике Д. Ниязова.

Балалардың жас ерекшелігіне сай теңгерімді тамақтануы, ас мәзірінің сақталуы, дәрумендердің маңызы және тамақтану мәдениетін қалыптастыру мәселелері қаралды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Қамқоршылық кеңес мүшесі Ж.М.Жайханова – үй мен балабақшадағы тамақтану тәртібінің бірізділігін сақтау қажеттігін атап өтті.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

- Балалардың дұрыс әрі теңгерімді тамақтануын қамтамасыз ету;
- Ас мәзірінің санитарлық талаптарға сай болуын бақылау;
- Ата-аналарға арналған ақпараттық материалдар (кеңестер, жадынамалар) тарату;
- «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» тақырыбында танымдық іс-шаралар өткізу.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Хатшы:



Г.З.Урбисинов

А.С.Басмагамбетова